

2016 жылғы қаңтар-наурыз аралығында Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы аумағында Қазақстан Республикасының жынысы ер азаматтарын әскерге шақыруды және медициналық куәландастыруды үйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы аудандық әкімінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 48 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 желтоқсанда N 3512 болып тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16-бабына, "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылуышыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының әкімі **ШЕШТІ**:

1. 2016 жылғы қаңтар-наурыз аралығында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақыру участкесіне тіркелу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының жынысы ер азаматтарын әскерге шақыру және медициналық куәландашу үйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы әкімінің орынбасары Алтыншаш Жұлдызбекқызы Тайшабаеваға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігі

"Солтүстік Қазақстан облысы

Ғабит Мұсірепов атындағы

ауданның Қорғаныс істері

жөніндегі бөлімі"

республикалық мемлекеттік

мекемесінің бастығы

2015 жылғы 20 қараша

B. Дудов

Қ. Омаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК